

АНДАТПА

6D090200 – «Туризм»

білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесіне ізденіс

Сапиева Акмарал Женисбаевна

«Тұрақты туризмді дамыту мақсатында Қазақстанның ұлттық парктеріндегі туристік-рекреациялық қызметтің мультипликативтік әсерін бағалау»

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертация зерттеу жұмысы Қазақстандағы ұлттық парктердегі туристік-рекреациялық қызметтің мультипликативтік әсерін бағалауға және оның тұрақты туризмді қамтамасыз етудегі рөліне арналған.

Зерттеу өзектілігі.

Қазақстанның ұлттық парктері табиғи мұраны сақтауда және туризмді дамытуда негізгі рөл атқарады, экономикалық өсуді қамтамасыз етіп, жергілікті халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді. Алайда, туризмнің мультипликативтік әсерін жеткіліксіз бағалау рекреациялық аумақтарды тұрақты басқару мүмкіндіктерін шектейді. Бұл зерттеу экономикалық, экологиялық және әлеуметтік пайда әкелетін тиімді тәсілдерді анықтауға, сондай-ақ тұрақты туризмді дамытуға бағытталған шараларды әзірлеуге арналған.

Туристік-рекреациялық қызметтің мультипликативтік әсерін бағалау жобалық аумақтарда туризмнің аймақтық дамуға әсер ету деңгейін анықтауға, оның экономикаға қосқан үлесін бағалауға және туристік ағындарды басқаруды оңтайландыруға мүмкіндік береді. Зерттеудің өзектілігі ұлттық парктерді тұрақты басқаруға арналған ғылыми негізделген тәсілдерді әзірлеу қажеттілігімен айқындалады. Бұл экологиялық сақтауға бағытталған міндеттерді туризмнен түсетін экономикалық пайдамен теңестіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мультипликативтік әсерді зерттеу туризмнің тікелей, жанама және индукциялық экономикалық салдарын анықтауға көмектеседі, бұл өз кезегінде ұлттық парктердің инвестициялық тартымдылығын арттыруға және жергілікті халықты туристік қызмет көрсету саласына тартуға маңызды ықпал етеді.

Ұлттық парктер қызметінің мультипликативтік әсеріне қатысты шетелдік ғалымдардың бірқатар еңбектері бар. Атап айтқанда, Eagles, McCool & Haynes (2002) ұлттық парктердің экологиялық туризмді дамытудағы рөлі мен олардың аймақтық экономикаға әсерін қарастырады. Зерттеу нәтижелері ұлттық парктердің жергілікті деңгейде экономикалық өсуді және тұрақтылықты қамтамасыз ететінін көрсетеді. Олар жергілікті халықты қызмет көрсету саласына тарту, жаңа жұмыс орындарын құру, инфрақұрылымды дамыту және шағын бизнесті ынталандыру арқылы экономикалық тиімділік әкеледі. Stynes & Propst (1996) АҚШ-тың ұлттық парктерінің экономикалық әсерін талдап, туристердің шығындары аймақтық экономикалық өсуді қалай ынталандыратынын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері ұлттық парктердегі туристік шығындар мультипликативтік әсер беріп, аймақтық табыстарды арттыратынын және шағын және орта бизнестің дамуын ынталандыратынын дәлелдейді. Халықаралық тәжірибе мен ұлттық парктердің мультипликативтік әсерін есепке алудағы озық тәжірибелер біздің еліміз үшін ерекше өзекті болып табылады. Зерттеу нәтижелері тұрақты туризмді дамытуға, ұлттық парктерді тиімді басқаруға, мемлекеттік бюджет кірістерін арттыруға және аймақтық инфрақұрылымды жақсартуға үлес қосады.

Зерттеу мақсаты – Қазақстанның ұлттық парктеріндегі туристік-рекреациялық қызметтің мультипликативтік әсерін анықтау және кешенді бағалау, оны экономикалық, экологиялық және әлеуметтік көрсеткіштерді талдау негізінде зерттеу, сондай-ақ Қазақстанның ұлттық парктерінде тұрақты туризмді дамытуға арналған ғылыми негізделген ұсыныстарды әзірлеу.

Жұмыстың мақсатына сәйкес келесідей **міндеттер** қойылды: туризмдегі мультипликативтік әсердің концептуалдық және теориялық-әдістемелік негіздерін талдау; Қазақстанның ұлттық парктеріндегі туризм мен рекреациялық қызметтің қазіргі жағдайын зерттеу; мультипликативтік әсерді бағалау әдістемесін әзірлеу және оны қолдану (мысал

ретінде «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі негізінде); Қазақстанның ұлттық парктеріндегі туристік қызметтің экологиялық және әлеуметтік аспектілерін анықтау; Қазақстанның ұлттық парктерінде тұрақты туризмді дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектілері – Қазақстанның ұлттық парктеріндегі туристік және рекреациялық қызмет тұрақты туризм дамуының факторы ретінде.

Зерттеу пәні – Қазақстанның ұлттық парктеріндегі туристік және рекреациялық қызметтің мультипликативтік әсері және оның өңірлердің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік дамуына ықпалы.

Ақпарат көздері және зерттеу материалдары. Зерттеу үшін пайдаланылған ақпарат көздері мен материалдары: Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне қарасты Ұлттық статистика бюросы ұсынған туризмге қатысты статистикалық деректер; Катонқарағай, Бұйратау және Алтынемел ұлттық парктерінің туристік ағындар, экономикалық үлес және экологиялық өзгерістер жөніндегі есептік деректері; Геоақпараттық жүйе (ГИС) талдауы мен кеңістіктік модельдеу әдістері арқылы жиналған экологиялық мониторинг деректері, оның ішінде экожүйелік жүктеме туралы ақпарат; Экономикалық көрсеткіштер, «шығындар-өндіріс» (Input-Output Analysis) әдісі, әлеуметтік есеп матрицасы (SAM) және жалпы тепе-теңдік моделі (CGE) негізінде есептелген; Туристер арасында жүргізілген сауалнамалар, жергілікті қауымдастық өкілдері мен ұлттық парктер қызметкерлерімен өткізілген сұхбаттар нәтижелері; Қазақстандағы ұлттық парктердің қызметін реттейтін ғылыми жарияланымдар мен нормативтік-құқықтық актілер.

Зерттеу әдістері

Диссертациялық зерттеу аясында Қазақстанның ұлттық парктеріндегі туристік-рекреациялық қызметтің мультипликативті әсері бағаланды. Экономикалық әсерді талдау үшін «шығындар-өндіріс» (Input-Output, I-O) моделі қолданылды. Бұл әдіс туристік шығындардың тікелей, жанама және индукциялық әсерлерін бағалауға мүмкіндік береді. Шығындар мен кірістер мультипликаторларын есептеу докторант ұлттық парктер аумағында жүргізген ғылыми зерттеулер барысында жиналған бастапқы деректер негізінде жүзеге асырылды. Туристік ағындардың кеңістіктік талдауын жүргізу үшін Геоақпараттық жүйе (ГИС) технологиялары қолданылды, оның ішінде көпкритерийлі шешімдерді талдау әдісі (GIS-MCDA) пайдаланылды. Жергілікті тұрғындар мен туристер арасында сауалнама жүргізу Лайкерттің 5 балдық шкаласы негізінде жүзеге асырылды. Ұлттық парктердің әртүрлі табиғи аймақтарында туристік тығыздықтың шекті мәндерін есептеу әдісі рекреациялық жүктемені бағалау үшін қолданылды.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы

Зерттеу ұлттық парктерге жақын орналасқан аумақтардың экономикасына туристік-рекреациялық қызметтің айтарлықтай әсер ететінін анықтады. Бұл әсердің негізінде оның мультипликативті ықпалы да бар. Туризм тікелей туристік қызметтерден түсетін табыс әкеліп қана қоймай, сонымен қатар көлік, қонақүй бизнесі, қоғамдық тамақтану, кәдесый өндірісі және басқа да байланысты салаларға жанама әсер етеді, бұл жалпы экономикалық тиімділіктің артуына алып келеді.

«Шығындар-өндіріс» (Input-Output) моделі Қазақстанның бірнеше ұлттық парктерінде, оның ішінде Бұйратау, Катонқарағай және Алтынемел парктерінде туристік шығындардың мультипликативті әсерін сандық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, Бұйратау ұлттық паркі үшін туристік шығындардың мультипликативті коэффициенті 2,84, ал кіріс мультипликаторы – 2,578 деп анықталды. Бұл туризмнің аймақтық экономикаға айтарлықтай әсер ететінін көрсетеді.

Зерттеу сонымен қатар ұлттық парктерде туризмді дамыту барысында экологиялық және әлеуметтік аспектілерді ескеру маңыздылығын растады. Мысалы, Катонқарағай ұлттық паркін талдау барысында парк аумағының әртүрлі аймақтары үшін рекреациялық жүктеменің шекті деңгейлері анықталды. Бұл туристік ағындарды реттеу және экожүйелерді сақтау бойынша ұсыныстарды әзірлеуге мүмкіндік берді.

Алтынемел ұлттық паркіндегі зерттеулер аясында, ұлттық парктердегі экотуризмді дамыту тек экономикалық өсуді ғана емес, сонымен қатар жергілікті қауымдастықтардың әлеуметтік тұрақтылығын нығайтатынын дәлелдейтін гипотеза расталды. Дегенмен, зерттеу жергілікті тұрғындардың туризм саласына қатысу деңгейі әлеуетіне қарамастан, әлі де жеткіліксіз екенін көрсетті. Бұл мәселені жергілікті халықты оң тәжірибелерге үйрету, сондай-ақ оларды бизнеске тарту кезеңінде ұйымдастырушылық және құқықтық қолдау көрсету арқылы шешуге болады.

Зерттеу нәтижелері негізінде Қазақстанның ұлттық табиғи парктерінде тұрақты туризмді дамыту бойынша ұсыныстар дайындалды. Қазақстан жағдайында алғашқы кезекте келесі шараларды жүзеге асыру маңызды: туристік ағындарды мониторингтеу жүйесін жетілдіру; табиғи нысандарға түсетін жүктемені басқару механизмдерін енгізу; экологиялық тұрақтылық қағидаттарын ескере отырып, инфрақұрылымды дамыту; жергілікті қауымдастықтардың туризмді жоспарлау және басқару процестеріне қатысуын күшейту.

Осылайша, зерттеу ұлттық парктердегі туризмді басқаруға кешенді тәсіл қолдану қажеттілігін растады. Бұл тәсіл экономикалық, экологиялық және әлеуметтік параметрлерді ескеруді талап етеді. Сонымен қатар, туристік қызметтің мультипликативті әсерін есепке алу туризмнің табиғи аумақтарды тұрақты дамытуға арналған тиімді құрал ретіндегі мүмкіндіктерін барынша толық пайдалануға мүмкіндік береді.

Алынған нәтижелердің жаңалығы.

Зерттеу нәтижелерінің жаңашылдығы Қазақстанның ұлттық парктеріндегі туристік-рекреациялық қызметтің мультипликативті әсерін кешенді бағалауымен және оны тұрақты даму тұрғысынан талдаумен анықталады.

1 Экономикалық әсерді кешенді бағалау – Қазақстанның ұлттық парктері орналасқан аймақтардың экономикасына туризмнің әсері алғаш рет «шығындар-өндіріс» (Input-Output) моделі арқылы сандық түрде есептелді. Туристік шығындар мен кірістер мультипликаторлары анықталды, олардың жергілікті қауымдастықтардың әл-ауқатына тигізетін әсері дәлелденді.

2 Рекреациялық жүктеме мен туристік ағындардың тығыздығын бағалау – Қазақстанның ұлттық парктері жағдайында туристік жүктеменің шекті нормалары айқындалды. Белгіленген функционалдық аймақтар (тыныш демалыс, белсенді туризм, қорғалатын аумақтар) үшін рекреациялық жүктеме көрсеткіштері сандық тұрғыда негізделді.

3 Жергілікті қауымдастықтарды тарту және олардың қабылдауы – Жүргізілген әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері негізінде жергілікті тұрғындардың экотуризмді дамытуға қатысу деңгейі мен туристік қызметтен алынатын экономикалық пайдасы бағаланды. Осы зерттеулер нәтижесінде жергілікті қауымдастықтарды тұрақты туризмді басқару процестеріне тартуға арналған ұсыныстар әзірленді.

4 Қазақстанның ұлттық парктерінде тұрақты туризмді дамыту бойынша ұсыныстар – Зерттеу нәтижелері ұлттық парктерде тұрақты туризм стратегияларын қалыптастыруға арналған ғылыми-тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеуге мүмкіндік берді. Бұл ұсыныстар экологиялық тұрақтылықты сақтай отырып, туризмді дамытуға бағытталған басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Осылайша, зерттеу жұмысының қорытынды нәтижесі – ұлттық парктердегі туристік-рекреациялық қызметтің аймақтық экономикаға әсерін сандық және сапалық тұрғыда бағалаудың жаңа әдістемесін ұсыну. Бұл әдістеме туризмнің мультипликативті әсерін ескеруге негізделген және Қазақстанда тұрақты туризмді дамытуға ғылыми үлес болып табылады.

Зерттеу жұмысының ғылыми-практикалық маңыздылығы. Алынған нәтижелердің негізділігі шығындар мен кірістер ағындарын талдау, мультипликативті әсер коэффициенттерін есептеу сияқты апробациядан өткен экономикалық-математикалық модельдерді қолдану арқылы расталды. Бұл тәсіл Қазақстанның ұлттық парктеріндегі

туристік-рекреациялық қызметтің экономикалық әсерін сандық түрде бағалауға мүмкіндік берді. Кешенді тәсіл, оның ішінде статистикалық әдістерді, әлеуметтанулық сауалнамаларды және геоақпараттық технологияларды пайдалану, зерттеу нәтижелерінің қайталануын және олардың тұрақты туризм стратегияларын әзірлеу кезінде қолданылу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Зерттеу нәтижелері: туристік ағындарды басқаруды оңтайландыруға, рекреациялық аймақтардың экономикалық тиімділігін арттыруға, экологиялық қауіп-қатерлерді азайтуға пайдаланылуы мүмкін.

Алынған мәліметтерді негізділігі мен сенімділігі. Деректердің дәлдігі мен объективтілігі әртүрлі статистикалық және талдамалық әдістерді қолдану арқылы расталды. Олардың қатарына саларалық баланс моделі, корреляциялық талдау және геостатистикалық талдау жатады. Зерттеу нәтижелерінің кешенді тексерілуі төмендегілер арқылы қамтамасыз етілді: рекреациялық жүктемені бағалау әдістерін қолдану; психокомфорттық тәсілді пайдалану; фокус-топтарға сауалнама жүргізу. Қолданылған деректер мен әдістердің егжей-тегжейлі сипатталуы зерттеу нәтижелерін қайталауға мүмкіндік береді және Қазақстанның ұлттық парктеріндегі туристік-рекреациялық қызметтің мультипликативті әсерін объективті түрде бағалауға жағдай жасайды.

Тақырыптың ғылыми-зерттеу жоспарымен және әртүрлі Мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

Диссертация ғылымды дамытудың басым бағыттарына – «Экология, қоршаған орта және ұтымды табиғат пайдалану» және «Елдің зияткерлік әлеуеті» сәйкес келеді, олар Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиямен бекітілген. Диссертация тақырыбы бірқатар мемлекеттік құжаттарға сәйкес келеді, оның ішінде: Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы «Әділетті Қазақстанның экономикалық курсы»; Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа Қазақстан: жаңару және модернизация жолы»; «Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы»; «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы»; «Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» және т.б. Диссертация «Қазақстан ұлттық парктерінің тұрақты дамуын экологиялық туризмді аумақтық ұйымдастыру арқылы қамтамасыз ету» (2020-2022 жылдар) тақырыбындағы № АР08855888 гранттық жоба аясында орындалды. Жоба Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер:

1 Қазақстандағы ұлттық парктердегі туристік-рекреациялық қызметтің мультипликативтік әсерін шығын-шығарым моделі (I-O Model) және тікелей, жанама және индуцирленген әсерлерді талдау арқылы бағалау өңірлік экономикадағы туристік кірістердің негізгі экономикалық детерминанттары мен таралу механизмдерін анықтауға мүмкіндік береді.

2 Қазақстанның ұлттық парктерінің туристік-рекреациялық сыйымдылығын рекреациялық жүктемелерді талдау, аумақты аймақтарға бөлу және бейімделген басқару стратегияларын енгізу негізінде анықтау – олардың тұрақты дамуын қамтамасыз етудің және табиғи ресурстарды сақтаудың негізгі құралы болып табылады.

3 Жергілікті қауымдастықтардың ұлттық парктерді дамытуға әлеуметтік-экономикалық қатысуы туризмнің тұрақтылығына айтарлықтай әсер етеді, ал сауалнама мен сұхбат әдістерін қолдану арқылы халықтың туристік қызметке деген көзқарасын, қатысу деңгейін және жергілікті кәсіпкерліктің әлеуетін бағалауға мүмкіндік береді.

4 Дифференциалданған экономикалық мультипликаторлары бар ұлттық парктердің төрт аймақтық кеңістіктік ұйымдастыру моделі табиғи-шаруашылық жүйелерін басқарудың тиімділігін дәстүрлі тәсілдерге қарағанда арттыра түседі.

Жұмыстың практикалық нәтижелерін апробациялау

Жұмыстың негізгі нәтижелері келесі халықаралық конференцияларда, семинарларда және форумдарда баяндалды: «Фараби әлемі» халықаралық конференциясы (Алматы, 2019, 2020, 2021 ж.); VI International European Conference on Interdisciplinary Scientific Research (Bucharest, Romania, 2022); Papers of International Conferences held at Kodolányi János University (Budapest, Hungary, 2019); VIII Международной научно-практической конференции «Современные проблемы развития сферы туризма» (Алматы, 2019); «XXI ғасырдағы басқару» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, Белгород мемлекеттік ұлттық зерттеу университетінің Басқару институты (Белгород, Ресей Федерациясы, 2018 ж.).

2020-2022 жылдары зерттеуші «Гранттық қаржыландыру» бюджет бағдарламасы аясында «Жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер» басым бағыты бойынша № AP08855888 «Қазақстанның ұлттық парктерінде экотуризмді аумақтық ұйымдастыру арқылы тұрақты дамуды қамтамасыз ету» ғылыми жобасын іске асыруға атсалысты. Жоба Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің мемлекеттік бюджеті есебінен қаржыландырылды. Зерттеу нәтижелерін тәжірибелік апробациялау келесі нысандарда жүзеге асырылды: «Бұйратау», «Катонқарағай», «Алтынемел» ұлттық парктерінде ғылыми ұсыныстарды енгізу актілері түрінде; «Қазпатент» Ұлттық зияткерлік меншік институтында (НИИС) тіркелген алты авторлық куәлік түрінде.

Жарияланымдар

Диссертация тақырыбы бойынша барлығы 23 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде: Scopus және Web of Science базаларында индекстелетін журналдардағы 3 мақала; Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдардағы 5 мақала; Халықаралық конференциялар материалдарындағы 5 мақала; 1 ұжымдық монография.

Орындалған жұмыстардың нәтижелері 3 ғылыми жұмыста көрсетілген, Sustainability (Q2 по WoS, Impact factor 3.6, Процентиль 88%).

Әр мақаланы дайындауға докторанттың жеке үлесі

«Assessing the Multiplier Effect of National Parks: A Case Study of Buiratau State National Nature Park in Kazakhstan» мақаласында Сапиева Акмарал Женисбаевна – бірінші автор. Докторант зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерге шолу жасады. Осы мақала аясында тұрақты туризмнің экономикалық әсерін мультипликатор арқылы қалай бағалауға болатындығын қарастыра отырып, нақты мысал арқылы «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің негізінде көрсетті. Жалпы докторант сапалық және сандық бағалауға, кіріспе, әдістеме, нәтижелер, қорытынды және мақалалардың алғашқы нұсқаларын дайындады және мақалалардың соңғы нұсқаларын өңдеу процесіне қатысты. Сонымен қатар, Сапиева А.Ж. журнал талаптарына сәйкес мақалалар дайындауға және рецензияның әрбір кезеңінен кейін мақалаларды жетілдіруге қатысты.

«Balancing Nature and Visitors for Sustainable Development: Assessing the Tourism Carrying Capacities of Katon-Karagay National Park, Kazakhstan» мақаланың авторларының бірі. Докторант мұнда рекреациялық жүктемені жүргізуге, сапалық және сандық бағалау жүргізуге, мақаланың алғашқы нұсқаларын жазуға және мақаланы жетілдіруге және пысықтауға қатысты. Сондай-ақ, Сапиева А.Ж. журнал талаптарына сәйкес мақалалар дайындауға және рецензияның әрбір кезеңінен кейін мақалаларды жетілдіруге қатысты.

«Sustainable Development of Ecotourism in “Altynemel” National Park, Kazakhstan: Assessment through the Perception of Residents» мақаланың авторларының бірі. Бұл мақалада докторант өзінің далалық зерттеу жұмыстарының қорытындысынан сапалық және сандық бағалау жүргізуге қатысты, цифрлық рельеф моделі SRTM, кеңістіктік ақпаратты ArcGIS бағдарламалары арқылы карта жасақтауға, мақаланың алғашқы нұсқаларын жазуға және мақаланы жетілдіруге және пысықтауға қатысты. Жалпы, Сапиева А.Ж. журнал талаптарына сәйкес мақалалар дайындауға және рецензияның әрбір кезеңінен кейін мақалаларды жетілдіруге қатысты.